**Ғылыми-әдістемелік кеңестің жұмыс жоспары**
**2023-2024 оқу жылы**

**Мектептің әдістемелік тақырыбы:** Мұғалімдердің көшбасшылық құзыреттіліктерін дамытуда педагогикалық ұжымның кәсіби шеберліктерінің өсуіне қолайлы жағдай жасау;

**Ғылыми-әдістемелік жұмыс мақсаты:**

Оқыту мен оқудағы белсенді әдістерді меңгерген, сыни тұрғыдан ойлай алатын, нақты мақсат қоя білетін, бағалау критерийлерін тиімді қолданатын, жаңаша ұстанымы жоғары көшбасшы мұғалім дайындау. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту кәсіби- қоғамдастық арқылы озық тәжірибелерін тарату және дамыту.

**Ғылыми-әдістемелік жұмыс міндеттері:**

-Сын тұрғысынан ойлау технологиясы негізінде оқыту мен оқудағы белсенді әдістерді тәжірибеге енгізу;

- Әдістемелік көмек көрсету мақсатында мұғалімдердің озық тәжірибесін тарату, мұғалім белсенділігін арттыру көшбасшы мұғалім қалыптастыру;
- Мұғалімдер арасында тәжірибе алмасу, үйрете жүріп үйрену негізінде кәсіби қоғамдастық жұмыстарын жандандыру;

-Шығармашылық бастамаларды дамытуға мүмкіндік беру.

**Жұмыс нысандары:**

Әдістемелік кеңес, ӘБ отырыстары, шығармашыл топ отырыстары, тәжірибелік алаңдар;

| **Жұмыстың негізгі бағыттары** | **Іс-шаралар** | **Жауаптылар** | **Орындау мерзімі** |
|---|---|---|---|
| **Ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспары** | Әдістемелік бірлестік жоспарларын бекіту | Е.Ө.Әмірбеков | Тамыз |
| | Мұғалімдерді педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау ережелерімен таныстыру | Ә.Қыпшақбаева | Тамыз |
| | Әдістемелік күндер, апталықтар кестесін жасау | Р.Досыбаева | Тамыз |
| | Пән апталықтарын өткізу | Пән мұғалімдері | Үнемі |
| | Мектептің өзекті мәселесінің шешілу жолдарын зерделеу Әдістемелік кеңес өткізу | Е.Ө.Әмірбеков | Тоқсанына бір рет |
| **Педагог кадрлармен ұйымдастырылатын жұмыс** | Педагогтарға кәсіби біліктіліктерін көтеру бойынша әдістемелік көмек көрсету | Бірлестік жетекшілер | Үнемі |
| | Әдістемелік күн «Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жою және олардың орнын толтыру» | Бірлестік жетекшілер Абдиева Л Дауылбаева Б Туляеева Ж | Үнемі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Досыбаева Р<br>Тайлыбаева А<br>Наушабекова Л | |
| | Біліктілікті көтеру курстарынан өтуге тиісті педагогтар тізімін жасау және оларды курстарға жіберуді ұйымдастыру | Әмірбеков Е.Ө<br>ӘБ жетекшілері | Қыркүйек |
| | Аттестацияланушы мұғалімдердің сабақтарына қатысу, зерделеу | Мектеп әкімшілігі | Қазан<br>Сәуір |
| | Педагогтарды кезекті аттестация ережесімен таныстыру, аттестация өткізу жоспарын құру, Ұлттық квалификациялық тестке өтініштерін жинау | Әмірбеков Е.Ө | Тамыз |
| | Мамандықты дұрыс таңдау- табысты өмірдің кілті (дөңгелек үстел) | Ташқараева Ш<br>Сейдалиев А | Қараша |
| | Оқушыларға оқу сауаттылығы бойынша тест сұрақтарын құрастыру жолдары | Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері | Қаңтар |
| | Әдістемелік күн.<br>БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын әзірлеуде сараптама жасай алудың тиімділігі. | ӘБ жетекшілері | Сәуір |
| | Әдістемелік күн.<br>Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор біліктілік санаттары бар мұғалімдердің іс-тәжірибелері арқылы педагогтардың шығармашылық қаблеттерін дамыту. | Е.Ө.Әмірбеков<br>ӘБ жетекшілері | Сәуір |
| | Мұғалімдерді оқу жылын аяқтау туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстың, ауданның бұйрығымен таныстыру. | Е.Ө.Әмірбеков | Мамыр |
| | Мұғалімдерді емтихан өткізу тәртібімен таныстыру, емтихан комиссиясын бекіту, материалдарын бекіту. | Е.Ө.Әмірбеков | Мамыр |
| | Әдістемелік күн.<br>Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді қолдану жолдары. | Е.Ө.Әмірбеков<br>Бірлестік мүшелері | Наурыз |
| | Тәлімгерлердің жұмысының жылдық қорытынды есебі | Тәлімгер | Мамыр |
| **Дарынды балалармен жұмыс жоспары** | Мектепішілік және қашықтықтан олимпиадасына оқушыларды қатыстыру | Пән мұғалімдері | |
| **Пән апталық тары** | Қоғамдық-ізгілікті пәндер бірлестігі | Абдиева Л | Қыркүйек |
| | Орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі бірлестігі | Дауылбаева Б | Қазан |
| | Негізгі пәндер бірлестігі | Тайлыбаева А | Қараша |
| | Бастауыш сынып бірлестігі | Туляеева Ж | Желтоқсан |
| | Жаратылыстану әдістеме бірлестігі | Досыбаева Р | Қаңтар |
| | Тәрбиешілер әдістеме бірлестігі | Наушабекова Л | Ақпан |

**«Ғылыми әдістемелік» кеңесінің отырыстары**

| № | Іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | I отырыс<br>• Әдістемелік бірлестік жоспарларын бекіту<br>• Әдістемелік күндер, апталықтар кестесін жасау<br>• Мектептің ішкі еңбек тәртібі ережесін бекіту<br>• Мектеп оқушыларын сыныпқа бөлу, оларға жетекшілерді бекіту<br>• Жаңа оқу жылында қажетті педагог кадрлармен ұжымды толықтыру<br>• Мұғалімдерді педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау ережелерімен таныстыру<br>• Педагогтарды ҚР Білім және ғылым министрлігінің тамыз маслихатын өткізу бойынша ұсыныстармен, әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру<br>• Кабинет жетекшілерін бекіту<br>• Сынып жетекшілерді бекіту | Тамыз | ДОІЖО<br>Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері |
| 2 | II отырыс<br>• Біліктілікті көтеру курстарынан өтуге тиісті педагогтар тізімін жасау және оларды курстарға жіберуді ұйымдастыру<br>• Аттестацияланушы мұғалімдердің сабақтарына қатысу, зерделеу<br>• Қоғамдық-ізгілікті пәндер бірлестігі<br>• 5 сынып оқушыларының бейімделуі және психологиялық қиындықтарының анықтау<br>• Сынып журналының толтыруы жайлы<br>• Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау жұмыстары жайлы<br>• I тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасының мониторингі | Қараша | ДОІЖО<br>Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері |
| 3 | III отырыс<br>• Мамандықты дұрыс таңдау- табысты өмірдің кілті (дөңгелек үстел)<br>• Негізгі пәндер бірлестігі<br>• Әдіс бірлестіктің I жарты жылдық жұмысының есебі<br>• Педагогтарды кезекті аттестация ережесімен таныстыру, аттестация өткізу жоспарын құру<br>• Үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмысты талдау<br>• Мектепішілік пәндер олимпиадасы мен II-тоқсанда өтілген ашық сабақтардың қорытындысы<br>• Мұғалімдердің біліктілік курстарынан өту барысын талдау | Қаңтар | ДОІЖО<br>Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері |
| 4 | IV отырыс<br>• III-тоқсан қорытындысы | Наурыз | ДОІЖО |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | • Мектепішілік және қашықтықтан олимпиадасына оқушыларды қатыстыру<br>• Оқушыларға оқу сауаттылығы бойынша тест сұрақтарын құрастыру жолдары<br>• Физика, химия, биология пәндерінен зертханалық жұмыстардың жүргізілуі<br>Әдістемелік күн.<br>• Білім беру платформаларының мүмкіндіктерін тиімді қолдану жолдары. | | Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері |
| 5 | V отырыс<br>• IV-тоқсан қорытындысы<br>Әдістемелік күн.<br>• БЖБ,ТЖБ тапсырмаларын әзірлеуде сараптама жасай алудың тиімділігі.<br>Әдістемелік күн.<br>• Педагог-шебер, педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы, педагог-модератор біліктілік санаттары бар мұғалімдердің іс-тәжірибелері арқылы педагогтардың шығармашылық қаблеттерін дамыту.<br>• Мұғалімдерді оқу жылын аяқтау туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстың, ауданның бұйрығымен таныстыру.<br>• Мұғалімдерді емтихан өткізу тәртібімен таныстыру, емтихан комиссиясын бекіту, материалдарын бекіту.<br>• Тәлімгерлердің жұмысының жылдық қорытынды есебі | Маусым | ДОІЖО<br><br>Бірлестік жетекшісі мен пән мұғалімдері |

*«№ 11санаториялық мектеп-интернаты»*
*коммуналдық мемлекеттік мекемесінде әдістемелік кеңес отырысының*

*№ 1 Х А Т Т А М А С Ы*

*Мерзімі: 31.08.2023ж*

*Күн тәртібіндегі мәселелер:*

- *Әдістемелік бірлестік жоспарларын бекіту*
- *Әдістемелік күндер, апталықтар кестесін жасау*
- *Мектептің ішкі еңбек тәртібі ережесін бекіту*
- *Мектеп оқушыларын сыныпқа бөлу, оларға жетекшілерді бекіту*
- *Жаңа оқу жылында қажетті педагог кадрлармен ұжымды толықтыру*
- *Мұғалімдерді педагогикалық қызметкерлерді аттестациялау ережелерімен таныстыру*
- *Педагогтарды ҚР Білім және ғылым министрлігінің тамыз маслихатын өткізу бойынша ұсыныстармен, әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру*
- *Кабинет жетекшілерін бекіту*
  *Сынып жетекшілерді бекіту*

*Тыңдалды:*

1. *Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Әмірбеков сөз алып, мектептің жаңа оқу жылындағы міндеттері мен 2023-2024 оқу жылына арналған өндірістік жоспарын талқылау және бекіту мәселелерін әдістеме кеңес мүшелерінің талқысына салынып, ұсыныстарын айтуды сұрады. Өндірістік жұмыс жоспарының мазмұнымен таңыстырып шықты.*

*Оқу жылы қорытындыларының педогогикалық талдау, жаңа оқу жылының міндеттері,білім беру мекемесін бақылау, ата-аналармен жұмыс, педагог кадрлармен жұмыс, аттестаттау, қазіргі заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыру, білім беру процесін жақсартуға бағытталған педұжымның қызметі, мектепішілік бақылау жүйесі, оқу-материялдық базасын нығайту, ұйымдастырушылық-педогогикалық іс-шаралар жайлы мәселелерге тоқталды.*

*Мектептің 2023-2024 оқу жылындағы ұраны: Оқушылардың денсаулығын сақтандыруға баса көңіл бөлу, жаңартылған білім беру мақмұнын жүзеге асырудағы әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана отырып, оқушылардың білім саласын арттыру:*

*Алдағы уақытта жүргізілетін жұмыс жоспары мен толық таңыстырып шықты. Кеңес мүшелері жоспарды толығымен мақұлдады*

2. *Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің мұғалімдері мен қызметкерлерін ішкі тәртіп ережелерінің негізгі міндеттерімен таңыстырды және оны көпшіліктің қолдауымен бекітуді ұсынды.*
3. *Мектептің ішкі еңбек тәртібі ережесін бекіту . Мектептің мұғалімдері мен қызметкерлерінің міндеттері*
   1. *Адал және сапалы жұмыс істеуге, мектептегі тәртіп негіздері-еңбек тәртібін қатаң сақтауға, әкімшіліктің тапсырмаларын дер кезінде орындауға, барлық жұмыс уақытын тапсырылған істерді орындау үшін жұмсауға;*
   2. *ҚР мемлекеттік әнұранын қазақ тілінде жатқа біліп, әнмен айту;*
   3. *Өз жұмысын орнын, түрлі құралдарды ұқыптылықпен сақтауға, ұстауға, мектеп және жатақхана бөлмелерінде, ауласында тазалық сақтауға;*
   4. *Еңбек қорғау өндірістік санитария, өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауға;*

5. *Оқу және методикалық жұмысты жоғары кәсіптік, ғылыми дәрежеде жүргізуге, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын мұқият орындауға;*
6. *Білім сынып электорнды журналдары мен оқушылардың іс-қағаздарының ережеге сай таза және ұқыпты толтырылуына, сақталуына;*
7. *Оқушылардың үлгерімі мен сабаққа қатысу есебін қатаң жүргізуге, оларды өз бетінше жұмыс істеуіне басшылық, бағыт-бағдар беріп отыруға;*
8. *Кәсіптік дәрежесі мен педогогикалық шеберлігін арттырып отыруға;*
9. *Оқушылардың дене тәрбиесі мен олардың денсаулығын нығайтуға түрлі шараларды жүзеге асыруға;*
10. *Басқа мектеп мұғалімдермен байланысып, тәжірибелерін жетілдіруге;*
11. *Темекі тартпау жөніндегі талаптарды орындауға;*
12. *Жұмыс уақытысында қызмет орнында болуға, себепсіз қалмауға міндетті.*

4. *Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Әмірбеков сөз алды.*

*2023-2024 оқу жылындағы жалпы мектеп оқушыларын сыныптарға бөлу және сынып жетекшілерін бекіту мәселесіне тоқталды. Әр сыныпқа сынып жетекшілер төмендегідей құрамда бекітілгенін айтып таныстырды.*

1. *1 сынып- А.Кипшакбаева*
2. *2а сынып- М.Байтұрсынова*
3. *2б сынып- М.Салкынбекова*
4. *3а сынып-Ж.Туляева*
5. *3б сынып-А.Абылхалыкова*
6. *4а сынып-Р.Тасболатова*
7. *4б сынып-А.Айдарова*
8. *5а сынып-Г.Сарсембаева*
9. *5б сынып-А.Исаматова*
10. *6а сынып –Р.Досыбаева*
11. *6б сынып-Д.Бүркітбаева*
12. *7а сынып-А.Жарқынбаева*
13. *7б сынып- Г.Аюбек*
14. *8а сынып-П.Баубекова*
15. *8б сынып-Г.Досыбекова*
16. *9а сынып- Б.Тлеуова*
17. *9б сынып-Ш.Ташқараева*

*5.Күн тәртібіндегі келесі мәселе 2023-2024 оқу жылына арналған оқу жоспары жайында Е.Әмірбеков сөз жалғастырды. Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары, 2023-2024 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік-нұсқау хатты басшылыққа ала отырып,№11 санаториялық мектеп-интернаты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің оқу жоспары, негізгі орта білім беру сатысының оқу жоспарының бекітілуі туралы, мектеп оқушыларына бастауыш, негізгі саты ерекшеліктерін ескере отырып, жалпы білім берудің негізгі бағдарламаларын толық мәтінде меңгерту, оқушыларды білім беру жүйесінің бір сатысына өту бейімділігін қалыптастыру, ҚР-ның зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру,тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім салудағы қажеттілігін қанағаттандыру, қоғамдық, құқықтық, тіл дамыту пәндерінен жалпы теориялық білімін жетілдіру қажеттілігін атап өтті.*

*6. Күн тәртібіндегі алтыншы мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Әмірбеков сөз алды.*

*2023-2024 оқу жылындағы жалпы кабинет жетекшілер төмендегідей құрамда бекітілгенін айтып таныстырды.*

*1.Қазақ тілі кабинеті 302-П.Баубекова*
*2. Орыс тілі кабинеті 201-Б.Дауылбаева*
*3.Математика кабинеті 207-А.Тайлыбаева*
*4.Тарих кабинеті 204-Б.Тілеуова*
*5.Химия кабинеті 309-А.Джангутова*
*6.Биология кабинеті 308-А.Жарқынбаева*
*7.Физика кабинеті 305-С.Арымбаева*
*8. Шет тілі кабинеті 107-Г.Досыбекова*
*9. Гимнастика-А.Жолмуханов*
*10.География-206-Р.Досыбаева*
*11.Бастауыш 2а-сынып-М.Байтұрсынова*
*12.Бастауыш 2б-сынып-М.Салканбекова*
*13.Технология кабинеті (ұлдар)-Б.Ахметов*
*14. Технология кабинеті (қыздар)-Г.Туляева*

*7.Жас мұғалімдерге тәлімгерлер бекіту. Жас мамандар мектебінің міндеттері*
*Биыл мектепте жас мамандар құрамында жас мамандар жоқ*

*8. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Әмірбеков сөз алды.*

*2023-2024 оқу жылындағы жалпы мектеп оқушыларын сыныптарға бөлу және сынып жетекшілерін бекіту мәселесіне тоқталды. Әр сыныпқа сынып жетекшілер төмендегідей құрамда бекітілгенін айтып таныстырды.*

*18. 1 сынып- А.Кипшакбаева*
*19. 2а сынып- М.Байтұрсынова*
*20. 2б сынып- М.Салкынбекова*
*21. 3а сынып-Ж.Туляева*
*22. 3б сынып-А.Абылхалыкова*
*23. 4а сынып-Р.Тасболатова*
*24. 4б сынып-А.Айдарова*
*25. 5а сынып-Г.Сарсембаева*
*26. 5б сынып-А.Исаматова*
*27. 6а сынып –Р.Досыбаева*
*28. 6б сынып-Д.Бүркітбаева*
*29. 7а сынып-А.Жарқынбаева*
*30. 7б сынып- Г.Аюбек*
*31. 8а сынып-П.Баубекова*
*32. 8б сынып-Г.Досыбекова*
*33. 9а сынып- Б.Тлеуова*
*34. 9б сынып-Ш.Ташқараева*

*Күн тәртібіндегі мәселелерді әдістемелік кеңес талқылай келе шешім етеді:*

1. *Өткен 2023-2024 оқу жылындағы әдістемелік кеңестің жұмысы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.*

2. *Ғылыми әдістемелік кеңестің жылдық жоспары бекітілсін.*

3. *Кеңес мүшелерінің еңбек бөлінісі бекітілсін.*

4. *Оқушылардың жеке іс-қағаздарының жүргізілуі «қанағаттанарлық» деп есептелінсін. Құжаттарды толық жинақтау бастауыш сынып мұғалімдеріне және сынып жетекшілерге міндеттелінсін.*

5. *Пән бірлестіктерінің жетекшілері, жоспарлары, бірлестік отырыстарының жоспарлары бекітілсін.*

6. *Кабинет жетекшілері бекітіліп, кабинет тазалығы, жабдықталуы, гүлдендіруі кабинет жетекшілеріне міндеттелінсін*

*Жиналыс төрағасы:* *Е.Әмірбеков*

*Жиналыс хатшысы:* *Р.Досыбаева*

***«№ 11санаториялық мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде әдістемелік кеңес отырысының***

***№ 2 Х А Т Т А М А С Ы***

*Мерзімі: 31.11.2023ж*

*Күн тәртібіндегі мәселелер:*

- *Біліктілікті көтеру курстарынан өтуге тиісті педагогтар тізімін жасау және оларды курстарға жіберуді ұйымдастыру*
- *Аттестацияланушы мұғалімдердің сабақтарына қатысу, зерделеу*
- *Қоғамдық-ізгілікті пәндер бірлестігі*
- *5 сынып оқушыларының бейімделуі және психологиялық қиындықтарының анықтау*
- *Сынып журналының толтыруы жайлы*
- *Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау жұмыстары жайлы*
- *І тоқсаның қорытындысы бойынша білім сапасының мониторингі*

***Тыңдалды:***

*Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Е.Әмірбеков сөз алып, 5 сыныпка көшкен оқушылардың психологиясынын өзгеруі анық өйткені олар бастауыш сыныпта негізгі пәндерден тек бір ғана мұғалім сабақ бергенін, 5 сыныптан бастап, әр түрлі пән мұғалімдері сабак беретіндіктен, 5 сынып оқушылары бір сатыдан екінші сатыға өткенде көптеген қиындықтар кездесетінін айтып өтті. Сондықтан әрбір пән мұғалімдері оқушылармен жұмыс жүргізгенде олардың жас ерекшеліктеріне қарай оқу материалдарын бірден күрделендірмей, қабылдауы төмен оқушыларға деңгейлік тапсырмалар дайындап,жекеленген жұмыстар жургізу керектігі айтылды.*

***2.** Екінші мәселе бойынша Е.Әмірбеков сөз алып,сынып журналдарының толтырылуы, жүргізілуі жайлы анықтама беріп өтті. Биылғы 2023-2024 оқу жылына 17 сынып /комплект/ 17 журналдың барлығы жана білім беру мазмұны бойынша, 1-9 сыныптарға арналды. Журнал №27.09.19ж бұйрық негізінде бекітілген тізіммен толтырылды. Алфавиттік реттік санын толықтыру денсаулық парағына мөр қойылмаған, толтырылмаған, дәрігер қол қоймаған, оқушылардың ата-анасы, мекен-жайын толық жазу керектігі бірнеше сынып жетекшілеріне журнал тексерілгеннен кейін ескерту берілгенін айтып өтті.*

***3.** Үшінші мәселе бойынша Е.Әмірбеков оқу шеберханасын, мектеп кабинеттерін, спорт залдарының оқу жылына дайындығы жөнінде айтып өтті.*

*Кабинеттерде техникалық қауіпсіздік ережелерін жазып ілу. Еңбек қорғау бұрышын ұйымдастыру. Мұғалімдермен еңбек қорғау жөнінде емтихандар алу. Жолда жүру ережесі бойынша бұрыш ұйымдастыру. 1-7 сыныптарда жолда жүру ережесін журналға толтырып отыру. Бастауыш сынып оқушыларына жолда жүру ережесін үйрету. Техника қауіпсіздік ережесі жөнінде оқушыларға ескертіп отыру сияқты іс-шаралар осы оқу жылында жоспарланып отыр.*

***4.** Нормативтік құжаттарды негізге алу мәселесі бойынша Жаратылыстану бірлестігінің жетекшісі Р Досыбаева әрбір педагог кадр ҚР Конституциясы мен заңдарын, ҚР Президент бұйрықтары мен жарлықтарын, ҚР Үкіметі мен Білім және*

*ғылым министрлігінің шешімдерін, білім бері мекемелерінің нұсқауларын, еңбек заңдылықтары мен нормаларын, қауіпсіздік техникасы мен өртке қарсы ережелерді, мектеп жарғысын басшылыққа алады. Бала құқығы туралы БҰҰ Конвенциясын қатаң сақтау керектігі жайлы айтып өтті.*

*5.Келесі мәселе бойынша соз алған Е. Әмірбеков 1 тоқсаның қорытындысы бойынша әрбір сыныптың көрсетген білім сапасының көрсеткіштерін негізгі пәндер бойынша жеке жеке мониторинг бойынша токталып өтті.*

*Әрбір әдістеме жетекшісіне келесі тоқсанда білім сапасын көтеруге көбірек жұмыс жасау керектігі,сабақтың сапасын көтеру, жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді пайдаланып,мазмұнды сабақтар өту керектігі тапсырылды.*

## *ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ШЕШІМ Е Т Е Д І :*

*1. 5 сынып оқушыларының бейімделуі және психологиялық қиындықтары анықталсын.*

*2. Сынып журналдарының толтырылуы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.*

*3. Техника қауіпсіздігі ережелері сақталынсын.*

*4. Нормативтік құжаттар негізге алынсын.*

*5. 1 тоқсанның қорытындысы бойынша білім сапасы «қанағаттанарлық» деп есептелінсін.*

*Жиналыс төрайымы:* *Е.Әмірбеков*

*Жиналыс хатшысы:* *Р.Досыбаева*

*«№ 11санаториялық мектеп-интернаты»*
*коммуналдық мемлекеттік мекемесінде әдістемелік кеңес отырысының*

*№ 3 Х А Т Т А М А С Ы*

*Мерзімі: 03.01.2024ж*

*Күн тәртібіндегі мәселелер:*

*1.Мамандықты дұрыс таңдау- табысты өмірдің кілті (дөңгелек үстел)*
*2.Негізгі пәндер бірлестігі апталығының қорытындысы*
*3.Әдіс бірлестіктің I жарты жылдық жұмысының есебі*
*4.Үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмысты талдау*
*5.Мектепішілік пәндер олимпиадасы мен II-тоқсанда өтілген ашық сабақтардың қорытындысы*
*6.Мұғалімдердің біліктілік курстарынан өту барысын талдау*

*Тыңдалды:*

*1.Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша мектеп психолгы А.Сейдалиев сөз алды ол өз сөзінде «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе»,- деп Ж.Аймауытов айтқандай, айтулы маман иесі боламын десек, алға ұмтылуымыз керек. Еліміздің болашағы-жастар екенін ескерсек, жыл сайын мектеп бітіруші түлектер қай мамандықты таңдарын білмей, ойы сан-сақта жүретіні анық. Мектеп бітіруші түлектерімізге болашақтағы мамандықтарын қателеспей, оны өзінің жүрек қалауымен таңдауға жол көрсетіп, дұрыс бағыт беру 9 сынып оқушылары мен олардың ата-аналарына ұйымдастырған іс-шарамыз дәстүрлі түрде ұйымдастырылғанын айтып өтті*

*2. Екінші мәселе бойынша негізгі пән бірлестігінің жетекшісі А.Тайлыбаева сөз алды ол өз сөзінде «Әлемнің ғажайып үш тірегі» атты математика, инфарматика және физика, көркем еңбек апталығы оқушылардың білімдерін тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Мұғалімдердің бір-бірімен іс-тәжірибелерімен алмасу.Іс-шараға белсене қатысып өз таланттарын көрсете білген оқушылар марапатталып апталық өз дәрежесінде өткенін айтты.*

*3. Үшінші мәселе бойынша әдіс бірлестік жетекшілері кезек –кезек сөз алып I жарты жылдықта бірлестікте атқарылған іс-шаралар әрбір пән бірлестік мүшелері өздерінің үлгерімі төмен білім алушылар мен атқарылып жатқан жұмыстарын айтып өтті. Мұғалімдердің білім жетілдіру курстарынан өткен мұғалімдер тізімі жасалып өту керек мұғалімдерге тоқталды дене шынықтыру пән мұғалімдері курстан өту керектігі айтылды.*

*4. Төртінші мәселе бойынша матиматика пәнінің мұғалімі С.Арынбаева сөз алды X XI ғасырдың жан-жақты,зерделі,дарынды,талантты адамдарды қалыптастыруда білім беру мәселесі, оның оқыту жүйесін заман талабына сай үйлестіре алу міндеті туындап, жаңа талаптар қойылуда. Соған орай ұстаздардың алдында тұрған міндет: табысты және әрекетке дайын қабілетті, әлеуметтік рөлін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Бірақ, мектептегі баланың барлығы бірдей емес, адамның бес саусағы*

*сияқты бір сыныптағы оқушылардың өзі көп түрлі болып келеді.Үлгерімі төмен оқушылардың білім қоры аз болады. Нашар оқудың алдың алу үшін артта қалу мен үлгерімнің төмендеуінің себептерін анықтап жұмыс жасау керек. Ойын балалар үшін күрделі әрекет. Балалар білімді ойын арқылы да ала алады және білімділікке үйренеді. Сондықтан матиматика сабағындағы ойын арқылы білімін шыңдап ой өрісін кеңейте алады. Баланың жас ерекшелігіне, зейініне сай ұйымдастырылған ойындар баланың ақылын,дүниетанымын кеңейтеді, мінез-құлқын, ерік жігерін қалыптастырады және сабаққа деген қызығушылығын арттыруы туралы өз жұмысымен бөлісті.*

*5.Бесінші мәселе бойынша Е.Әмірбеков сөз алды мектепішілік пәндер олимпиадасы оқушылардың білім сапасын арттыру мақсатында бүгінде функционалдық сауаттылығын арттыруға байланысты оқушылармен және пән мұғалімдерімен сынып жетекшілермен бірлескен дөңгелек үстелде талқыланып оқушыларға түрлі логикалық сұрақтар қоя отырып сауалнама алды. Оқушылардан дайындық ретінде тесттер алынып, талдау жасалынды бұл доданың мақсаты оқушылардың білімге құштарлығын арттыру. Бастауыш сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдері 2-кезеңнен тұратын олимпиядалық сұрақтар құрастырып олимпияда өткізілсін деді. II-тоқсанда өтілген ашық сабақтардың қорытындысын талқылау Е.Әмірбеков сөз алды ашық сабақтар жақсы өткенің айтты мұғалімдердің бір-бірінің сабақтарына үнемі қатысып іс-тәжірибе алмасу керектігін айтты.*

*6.Алтыншы мәселе бойынша бірлестік жетекшілері мұғалімдердің біліктілік курстарынан өту барысын талдады жаратылыстану бірлестігіні жетекшісі Р.Досыбаева денешынықтыру пән мұғалімдерін біліктілік арттыру курстарынан өту керектігін айтты.*

*ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС ШЕШІМ Е Т Е Д І :*

1. *Оқушыларға мамандық таңдауда дұрыс жол көрсетілсін*
2. *Пән апталықтар өз дәрежесінде жоспарға сай өткізілсін*
3. *Әдіс бірлестіктерінің жұмысы жаңдандырылсын*
4. *Үлгерімі нашар оқушылармен жеке жұмыс үнемі жүргізілсін*
5. *Мектепішілік пәндер олимпиадасы өз дәрежесінде өткізілсін*
6. *Мұғалімдер біліктілік курстарынан өтсің*

*Жиналыс төрайымы:* *Е.Әмірбеков*

*Жиналыс хатшысы:* *Р.Досыбаева*